



2024 жылғы 28 мамыр

**2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН БІРІНШІ ТОҚСАН БОЙЫНША  
KAZ MINERALS ТОБЫНЫҢ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

		1-Т 2024	4-Т 2023	1-Т 2023
<b>Мыс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>МЫҢ ТОННА</b>	<b>94,3</b>	<b>102,2</b>	<b>95,1</b>
Ақтоғай	мың тонна	55,6	60,4	61,9
Бозшакөл	мың тонна	27,1	27,1	23,7
Шығыс өңірі және Бозымшақ	мың тонна	11,6	14,7	9,5
Алтын өндіру <sup>2</sup>	мың унция	39,2	41,7	36,5
Күміс өндіру <sup>2</sup>	мың унция	878	1 004	837
Концентраттағы мырыш өндіру	мың тонна	10,5	15,0	9,1
<b>Мыс сату<sup>3</sup></b>	<b>МЫҢ ТОННА</b>	<b>103,2</b>	<b>101,2</b>	<b>108,3</b>
Алтын сату <sup>4</sup>	мың унция	44,3	38,2	43,0
Күміс сату <sup>4</sup>	мың унция	966	916	974
Концентраттағы мырышты сату	мың тонна	14,2	11,6	13,6

<sup>1</sup> Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі

<sup>2</sup> Концентраттағы төленетін металл көлемі

<sup>3</sup> Ақтоғай кен орнының оксид кенінен толлинг және катодты мыс схемасы бойынша өндірілген металдың, концентраттағы төленетін металдың көлемі

<sup>4</sup> Толлинг схемасы бойынша өндірілген металдың, концентраттағы төленетін металдың көлемі

#### Негізгі көрсеткіштер

- 2024 жылғы 1-тоқсанда 94 мың тонна көлемінде өндірілген мыс кеннің құрамындағы мыстың төмендеуіне байланысты 8%-ға (4-Т 2023: 102 мың тонна) қысқарды, бұл осы тоқсанда кен өңдеудің ішінара 7%-ға ұлғаюымен өтелді, өйткені басшылық ең жоғары операциялық көрсеткіштерге қол жеткізуге ерекше назар аударуды жалғастырды.
- Мысты 103 мың тонна көлемінде сату өндірісті 9%-ға арттырды, өйткені өнімді жөнелту мерзімінің қысқаруы жолдағы материалдар көлемінің төмендеуіне әкеп соқты.
- Жеткізу мерзімінің қысқаруы сонымен қатар Топқа өндіріс көлемінің төмендеуіне қарамастан алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда барлық ілеспе өнімдердің сатылымын арттыруға мүмкіндік берді.

KAZ Minerals Тобының Басқарма төрағасы Эндрю Саузам бұл туралы былай деді: «2024 жылдың бірінші тоқсанында KAZ Minerals кенді қайта өңдеудің ең жоғары көлеміне қол жеткізуге ерекше назар аударуды жалғастырды, ол 7%-ға ұлғайды, бұл Топқа 94 мың тонна көлемінде мыс өндіруге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Топтың жоғары операциялық көрсеткіштері оның мыс бағасының жақында көтерілуінен пайда табуға барлық мүмкіндігінің бар екенін білдіреді».

## Қосымша ақпарат алу үшін хабарласуларыңызды өтінеміз:

### KAZ Minerals

---

Мари Эдвардс	Корпоративтік хатшы, Лондон	
Максут Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаменті, Алматы	Тел.: +44 20 7901 7832 Тел.: +7 727 244 03 53

---

### ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

7<sup>th</sup> Floor, 83 Victoria Street, London SW1H 0HW, United Kingdom (7-қабат, Виктория көш., 83, Лондон SW1H 0HW, Ұлыбритания).

---

### РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТУ

KAZ Minerals Limited (бұдан әрі – KAZ Minerals немесе Top) – Қазақстандағы карьерлік үлгідегі ірі ауқымды, аз шығынды өндірісті дамытуға бағытталған даму әлеуеті жоғары мыс өндіруші компания. Top Абай және Павлодар облыстарындағы Ақтоғай және Бозшакөл мыс кеніштерінде, сонымен қатар Абай және Шығыс Қазақстан облыстарындағы үш жерасты кеніші мен байыту фабрикаларында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде операциялық қызметін жүргізеді. 2023 жылы мыс өндірісінің жалпы көлемі 403 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 162 мың унция алтын, 4 008 мың унция күміс және концентратта 51 мың тонна мырыш өндірілді.

Топтың негізгі өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай саладағы ең жоғары өндіріс көрсеткіштерінің бірін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals компаниясын ресурстық бейінінде әлемдік деңгейдегі ашық үлгідегі мыс кеніштері басым компанияға айналдырды. Сульфидті кенді қайта өңдеу қуатын екі есе арттыру мақсатында Ақтоғайды кеңейту жобасы ресми түрде 2021 жылдың қазан айында іске қосылды, бұл ретте өнімді тапсырыс берушілерге алғашқы жөнелту 2021 жылдың желтоқсанында жүзеге асырылды.

KAZ Minerals Тобында Қазақстанда және Қырғызстанда 14 000 аса адам жұмыс істейді.

		1-Т 2024	4-Т 2023	1-Т 2023
<b>Кен өндіру</b>	<b>мың тонна</b>	<b>20 289</b>	<b>19 201</b>	<b>18 992</b>
Оксидті кен	мың тонна	3 004	4 565	5 152
Сульфидті кен	мың тонна	17 285	14 636	13 840
<b>Оксидті кен</b>				
Шоғырлы сілтсіздендіру панельдеріндегі тотыққан кен	мың тонна	3 004	4 565	5 152
Мазмұны	%	0,26	0,25	0,31
<b>Катодты мыс</b>	<b>мың тонна</b>	<b>4,5</b>	<b>5,3</b>	<b>5,2</b>
<b>Сульфидті кен</b>				
<b>Сульфидті кенді қайта өңдеу</b>	<b>мың тонна</b>	<b>14 008</b>	<b>13 604</b>	<b>13 219</b>
1 Сульфидті фабрика	мың тонна	6 751	7 001	6 900
2 Сульфидті фабрика	мың тонна	7 257	6 603	6 319
Қайта өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері	%	0,44	0,48	0,52
Алу коэффициенті	%	87,8	88,3	86,6
Концентраттағы мыс	мың тонна	53,5	57,7	59,4
<b>Мыс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>51,1</b>	<b>55,1</b>	<b>56,7</b>
<b>Мыс өндіру барлығы<sup>2</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>55,6</b>	<b>60,4</b>	<b>61,9</b>
Күміс өндіру <sup>1</sup>	мың унция	314	303	283
Молибден өндіру	тонна	1 003	1 048	878

<sup>1</sup> Концентраттағы төленетін металл.

<sup>2</sup> Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі.

2024 жылдың бірінші тоқсанында кен өндіру көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 6%-ға, яғни 20 289 мың тоннаға дейін ұлғайды (4-Т 2023: 19 201 мың тонна). Байыту фабрикаларының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сульфидті кен көбірек өндірілді, ал сапасы төмен кенді кейіннен өңдеу үшін жиналды. Тоқсан ішінде тотыққан кенді өндіру көлемі өндіру бағытының өзгеруіне байланысты қысқарды.

Ақтоғайда сульфидті кенді қайта өңдеу көлемі 2024 жылдың бірінші тоқсанында 3%-ға, яғни 14 008 мың тоннаға дейін ұлғайды (4-Т 2023: 13 604 мың тонна), өйткені кәсіпорын басшылығының өндіріс тиімділігін арттыру жөніндегі күш-жігері 2-Сульфидті фабрикада тоқсан ішінде 7 257 мың тоннаға рекордты өнімділікке қол жеткізілді. Бұл ретте 1-Сульфидті фабрикада қайта өңделген кеннің көлемі осы тоқсанда ЖӨҰ диірменін қаптауды қоса алғанда, техникалық қызмет көрсету бойынша жоспарлы жұмыстардың жүргізілуіне байланысты 4%-ға, яғни 6 751 мың тоннаға (4-Т 2023: 7 001 мың тонна) дейін қысқарды.

Сульфидті кеннен мыс өндіру алдыңғы тоқсанмен (4-Т 2023: 55,1 мың тонна) салыстырғанда осы тоқсанда (51,1 мың тонна) 7%-ға төмендеді, өйткені жоғары өнімділік көрсеткіштері өңделетін кендегі мыс құрамының 0,44%-ға дейін күтілетін төмендеуімен (4К 2023: 0,48%) және сәйкесінше шығарып алу коэффициентінің 87,8%-ға дейін төмендеуімен (4К 2023: 88,3%) теңестірілді.

2024 жылдың бірінші тоқсанында оксидті кеннен 4,5 мың тонна көлемінде катодты мыс өндіру температураның маусымдық ауытқуына байланысты алдыңғы тоқсанмен (4-Т 2023: 5,3 мың тонна) салыстырғанда 15%-ға төмендеді.

Нәтижесінде Ақтоғайда мыс өндіру көлемі 2024 жылдың бірінші тоқсанында 55,6 мың тоннаны құрады, бұл алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 8%-ға аз (4-Т 2023: 60,4 мың тонна), бұл 1-Сульфидті фабрикада жоспарлы жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне негізделген.

2024 жылдың бірінші тоқсанында күміс өндіру көлемі алдыңғы тоқсанмен (4-Т 2023: 303 мың унция) салыстырғанда 4%-ға, яғни 314 мың унцияға дейін өсті, бұл қайта өңделетін кендегі металдың жоғары болуына және шығарып алу коэффициентінің жоғарылауына байланысты болды, ал концентраттағы молибден өндірісі 4%-ға, яғни 1 003 тоннаға қысқарды, бұл қайта өңделген кендегі металл құрамының төмендеуіне байланысты (4-Т 2023: 1 048 т) болды.

		1-Т 2024	4-Т 2023	1-Т 2023
<b>Кен өндіру</b>	<b>Мың тонна</b>	<b>8 988</b>	<b>8 577</b>	<b>8 427</b>
Сульфидті кен	мың тонна	7 428	6 981	6 426
Сазды кен	мың тонна	1 560	1 596	2 001
<b>Қайта өңделген кен</b>	<b>Мың тонна</b>	<b>8 492</b>	<b>8 276</b>	<b>7 887</b>
<b>Мыс</b>				
Қайта өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері	%	0,42	0,43	0,41
Мыс алу коэффициенті	%	79,6	79,8	76,8
Концентраттағы мыс	мың тонна	28,4	28,4	24,8
<b>Мыс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>Мың тонна</b>	<b>27,1</b>	<b>27,1</b>	<b>23,7</b>
<b>Алтын</b>				
Қайта өңделген кендегі алтынның орташа мөлшері	г/т	0,23	0,23	0,20
Алтын алу коэффициенті	%	48,6	51,2	53,5
Концентраттағы алтын	мың унция	30,1	31,0	27,1
<b>Алтын өндіру<sup>2</sup></b>	<b>Мың унция</b>	<b>28,1</b>	<b>29,0</b>	<b>25,3</b>
<b>Күміс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>мың унция</b>	<b>231</b>	<b>198</b>	<b>182</b>

<sup>1</sup> Концентраттағы төленетін металл көлемі

2024 жылдың бірінші тоқсанында кен өндіру көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 5%-ға жоғары болды (4-Т 2023: 8.577 мың тонна), бұл байыту фабрикасының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сульфидті кенді өндірудің ұлғаюына байланысты болды, ол сонымен қатар тоқсан ішінде кенді өңдеудің жылдық жоспарына сәйкес жиналған кенді де өңдеді.

8 492 мың тонна мөлшерінде кенді қайта өңдеу көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 3%-ға жоғары болды (4-Т 2023: 8 276 мың тонна). Бірінші тоқсанда Бозшакөл өте жақсы операциялық көрсеткіштерді көрсетуді жалғастырды, өйткені кәсіпорын басшылығы өткізу қабілеттілігін ең жоғары деңгейге жеткізуге назар аударды. Сульфидті фабрика да, сазды кенді өңдеу фабрикасы да осы кезеңде жобаланған қуатты асыра орындады.

2024 жылдың бірінші тоқсанында 27,1 мың тонна көлеміндегі мыс өндірісі алдыңғы тоқсанның деңгейіне сәйкес келді, өйткені қайта өңдеу көлемінің ұлғаюы қайта өңделген кендегі металл құрамының 2023 жылдың төртінші тоқсанындағы 0,43%-дан 2024 жылдың бірінші тоқсанындағы 0,42%-ға дейін шамалы төмендеуімен теңестірілді.

2024 жылдың бірінші тоқсанында алтын өндірісі 3%-ға, яғни 28,1 мың унцияға (4-Т 2023: 29,0 мың унция) дейін төмендеді, бұл атап айтқанда сазды кенді қайта өңдеу фабрикасында шығарып алу коэффициентінің төмендеуіне байланысты болды, бұл қайта өңделетін кендердің минералогиялық құрамының өзгеруін көрсетеді. Бұл мәселе болашақта реагенттік режимді өзгерту арқылы шешіледі деп күтілуде. 2024 жылдың бірінші тоқсанында күміс өндірісі екі фабрикада қайта өңделетін кендегі күміс мөлшерінің жоғары болуына байланысты 17%-ға, яғни 231 мың унцияға дейін (4-Т 2023: 198 мың унция) ұлғайды.

## ШЫҒЫС ӨҢІРІ ЖӘНЕ БОЗЫМШАҚ

		1-Т 2024	4-Т 2023	1-Т 2023
<b>Кен өндіру</b>	<b>мың тонна</b>	<b>947</b>	<b>1 053</b>	<b>599</b>
<b>Қайта өңделген кен</b>	<b>мың тонна</b>	<b>812</b>	<b>983</b>	<b>782</b>
<b>Мыс</b>				
<b>Қайта өңделген кендегі орташа мөлшері</b>	<b>%</b>	<b>1,67</b>	<b>1,76</b>	<b>1,43</b>
Шығыс өңірі	%	2,22	2,24	1,89
Бозымшақ	%	0,62	0,63	0,61
<b>Орташа алу коэффициенті</b>	<b>%</b>	<b>90,4</b>	<b>89,8</b>	<b>89,5</b>
Шығыс өңірі	%	91,0	90,1	89,8
Бозымшақ	%	86,8	87,4	87,9
<b>Концентраттағы мыс</b>	<b>мың тонна</b>	<b>12,3</b>	<b>15,5</b>	<b>10,0</b>
Шығыс өңірі	мың тонна	10,8	13,9	8,5
Бозымшақ	мың тонна	1,5	1,6	1,5
<b>Мыс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>11,6</b>	<b>14,7</b>	<b>9,5</b>
Шығыс өңірі	мың тонна	10,2	13,2	8,0
Бозымшақ	мың тонна	1,4	1,5	1,5
Алтын өндіру <sup>1</sup>	мың унция	11,1	12,7	11,2
Күміс өндіру <sup>1</sup>	мың унция	333	503	372
Концентраттағы мырыш	мың тонна	10,5	15,0	9,1

<sup>1</sup> Концентраттағы төленетін металл.

Шығыс өңірде және Бозымшақта 947 мың тонна мөлшерінде өндірілген кен көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 10%-ға төмен болды (4-Т 2023: 1.053 мың тонна), бұл Бозымшақ кенішіндегі жерасты өндірісіне көшу нәтижесінде болды, осы кезеңде өндіріс көлемі есе берген болатын. Қайта өңделген кен көлемі осы кезеңде 812 мың тоннаны құрады, бұл Николаев байыту фабрикасының қаңтар айында жоспарлы тоқтауы нәтижесінде өткен тоқсанның көрсеткішінен (4-Т 2023: 983 мың тонна) 17%-ға төмен болды, бұл кен көлемін жинақтауға мүмкіндік береді және жылдың келесі кезеңдерінде фабриканың неғұрлым тиімді жұмысын қамтамасыз етеді. Бозымшақта кен өндірудің азаюына қарамастан байыту фабрикасы осы тоқсанда жобалық қуаттылықтан жоғары деңгейде жұмысын жалғастырды, өйткені бұрынна бері жинақталған материал қайта өңделді.

Мыс өндірісі 11,6 мың тоннаны құрады, бұл бірінші кезекте кенді қайта өңдеу көлемін азайту есебінен алдыңғы тоқсанның көрсеткішінен 21% - ға төмен (4-Т 2023: 14,7 мың т). Сонымен қатар, Орлов және Бозымшақ байыту фабрикаларында қайта өңделетін кендегі металл мөлшері азайды.

Бірінші тоқсанда алтын өндірісі 13%-ға, яғни 11,1 мың унцияға дейін төмендеді (4-Т 2023: 12,7 мың унция) Орлов байыту фабрикасында өңделген кендегі алтынның азаюына және Николаев байыту фабрикасында өндіріс көлемінің төмендеуіне байланысты болды. Осы сегментте алтын өндірудің көп бөлігін қамтамасыз ететін Бозымшақтағы өндіріс көлемі алдыңғы тоқсан деңгейінде қалды.

333 мың унция көлеміндегі күміс өндірісі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 34%-ға қысқарды (4-Т 2023: 503 мың унция), өйткені тоқсан ішінде тау-кен өндірісі жаңа аудандарда жүргізілгендіктен Шығыс аймақта қайта өңделген кендегі металдың орташа мөлшері 37,3 г/т (4-Т: 45,0 г/т) дейін төмендеді. Концентраттағы мырыш өндірісі 30%-ға, яғни 10,5 мың тоннаға дейін (4-Т 2023: 15,0 мың тонна), сондай-ақ өндірілген кендегі металл құрамының болжамды азаюы есебінен төмендеді.